

Батыс Қазақстан облысы бойынша тексеру комиссиясы



Батыс Қазақстан облысының жол іс- шараларына бөлінген бюджет қаражатын пайдалану тиімділігіне жүргізілген мемлекеттік аудиторлық іс- шараның нәтижелері бойынша АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ

**Орал қаласы
2023 жыл**

**Батыс Қазақстан облысы бойынша
тексеру комиссиясының төрағасы
А.Ч.Қадырбековке**

Аудиторлық қорытынды

I. Кіріспе бөлік

1.1. Аудиторлық іс-шараның атауы: Жол іс-шараларына бөлінген бюджет қаражатын пайдалану тиімділігіне мемлекеттік аудит.

1.2. Мемлекеттік аудиттің мақсаты: жол іс-шараларына бөлінген бюджет қаражатын пайдалану тиімділігін бағалау.

1.3. Мемлекеттік аудиттің объектілері: «Батыс Қазақстан облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» ММ-сі (бұдан әрі – Басқарма), «Бәйтерек ауданының тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ-сі (бұдан әрі – Бәйтерек ауданының автомобиль жолдары бөлімі), «Теректі ауданының тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ-сі (бұдан әрі – Теректі ауданының автомобиль жолдары бөлімі), «Жаңақала ауданының тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ-сі (бұдан әрі – Жаңақала ауданының автомобиль жолдары бөлімі), «Қазталов ауданының тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ-сі (бұдан әрі – Қазталов ауданының автомобиль жолдары бөлімі), «Шыңғырлау ауданының тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ-сі (бұдан әрі – Шыңғырлау ауданының автомобиль жолдары бөлімі), «Орал қаласының тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ-сі (бұдан әрі – Орал қаласының автомобиль жолдары бөлімі).

1.4. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең: 2022 жылдың 1 қаңтарынан 2023 жылдың 31 пілдесі аралығы.

II. Негізгі (талдамалық) бөлік

2.1. Аудиттелетін саланың жай-күйін қысқаша талдау.

Автомобиль жолы берілген жылдамдықтар мен салмақ жүктемелері бар автомобильдердің қауіпсіз, ыңғайлы, жыл бойы қозғалысын қамтамасыз етуге арналған құрылымдардың тұтас кешені болып табылады.

Жолдар елді мекендер арасындағы қозғалысты қамтамасыз етіп қана қоймайды, шын мәнінде, халықтың, ауыл шаруашылығының және экономиканың басқа да секторларының өмір ырғағына әсер ететін елді, облысты, ауылды дамытудың негізгі факторы болып есептеледі.

Ор облыста және тұтастай елде көлік жүйесі экономика мен әлеуметтік өмірдің дамуындағы маңызды рөлдердің бірін атқарады. Көлік жүйесі жылдар

өткен сайын кеңейіп келеді, бірақ, елдегі көлік ағынын арттыру бағытында одан әрі мақсаттарға жету үшін жолдар қажет етіледі.

Өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, жабдықтау және сауда кәсіпорындарының дамуы мен қалыпты қызмет жасауы автомобиль жолдарының жұмысына байланысты. Жол саласы, атап айтқанда автомобиль жолдары облыс халқының аса маңызды қажеттіліктерінің бірін, атап айтқанда жүктерді тасымалдау, жөнелту және жолаушыларды тасымалдау қажеттілігін қанағаттандырады.

Елдегі жол айрығының даму деңгейі мен сапасы белгілі бір дәрежеде оның өркениет деңгейін анықтайды. Ол экономикалық өсуге, сауданың кеңеюіне, халықтың өмір сүру деңгейінің жоғарылауына айтарлықтай әсер ете алады. Бұл еңбек өнімділігін арттыруда жүктерді жеткізу немесе жұмыс орнына бару уақытын қысқартуға ықпал етеді.

Көлік коммуникациялары мен автомобиль жолдары елдің барлық аудандары мен облыстарын біріктіреді, бұл оның аумақтық тұтастығы, экономикалық кеңістігі бірлігінің қажетті шарты болып табылады.

Автомобиль жолдары деңгейінің сапалық сипаттамалары көбінесе аймақтың көлік жүйесінің жылдамдығына, уақтылығына, ырғағына, қауіпсіздігіне және қалыпты жұмысына әсер етеді.

Елдің әлеуметтік-экономикалық дамуында көлік жүйесінің қауіпсіздігі мен тұрақтылығы аса маңыздылыққа ие.

Жоғарыда аталғандарға байланысты, көлік елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына ерекше әсер етеді. Ал көлік үшін жолдар маңызды рөл атқарады. Кез-келген елде жолдар экономиканың маңызды көрсеткіші болды және өз маңыздылығын жоймай қала береді. Мемлекет үшін жолсыз жүру проблемасының құнын автожол желісінің жеткіліксіз дамуымен және оның техникалық жай-күйімен байланысты шығындар мен жоғалған пайданың жалпы сомасы ретінде анықтауға болады.

Алайда, қазіргі жолдардың көліктік-пайдалану жағдайын жетілдіру мәселесі шешілмеген күйінде қалып отыр, олардың жай-күйі көлік жұмыстарының жалпы көлеміндегі автокөлік үлесінің өсу қарқынына тікелей байланысты. Сондықтан бюджет қаражатын жолдарды қайта құру және жөндеу жұмыстарының пайдасына қайтадан болу қажет. Алайда, қаражаттың шектеулі болуына байланысты қайта құру немесе күрделі жөндеудің мәні көбінесе жолдарды шамамен кеңейтумен ғана шектеледі. Бірақ, әдетте, 3-4 жылдан кейін қосымша өткізу қабілеті азаяды, өйткені автомобиль паркі жылына 7-10%-ға өседі, ал халықтың автомобиль жолдарымен қамтамасыз етілуі небәрі 5-6% - ға артады.

Басқарма автомобиль жолдары және жол қызметі саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыратын, облыстық маңызы бар, жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының желісін басқаратын, облыстық маңызы бар автомобиль жолдарын реконструкциялау, жөндеу және күтіпұстау

жөніндегі жұмыстарды жүргізу кезінде мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік органы болып табылады.

Батыс Қазақстан облысының автомобиль жолдарының жалпы ұзындығы - 6 176 км, оның ішінде республикалық маңызы бар - 1 414 км, жергілікті маңызы бар - 4 762 км, оның ішінде облыстық маңызы - 1 620,0 км (34%), аудандық маңызы бар - 3 142,1 км (66%).

Жабын түріне қарай автомобиль жолдары томендегідей бөлінеді:

- асфальтталған - 1 327,5 (оның ішінде облыстық маңызы бар - 924,1 км, аудандық маңызы бар - 403,4 км);

- кара-киршық тас - 83 км (барлық аудандық маңызы бар);

- киршық тас - 1 458,8 км (оның ішінде облыстық маңызы бар - 393,9 км, аудандық маңызы бар - 1 064,9 км);

- топырақ - 1 900,9 км (оның ішінде облыстық маңызы - 307,1 км, аудандық маңызы - 1 593,8 км).

Батыс Қазақстан облысының автомобиль жолдарының жол жамылғысының жай-күйін бағалау:

- облыс бойынша барлығы «жақсы» жағдайда жалпы ұзындығы 1 275,4 км немесе 26,8% жолдар бар (оның ішінде облыстық маңызы бар - 851,8 км және аудандық маңызы бар - 423,6 км).

- облыс бойынша барлығы «қанағаттанарлық» жағдайда жалпы ұзындығы 935,2 км немесе 19,6% жолдар бар (оның ішінде облыстық маңызы бар - 234,9 км және аудандық маңызы бар - 700,3 км).

Өңірдің автомобиль жолдарының жол жабыны жай-күйінің басым бөлігі «қанағаттанарлықсыз» деп бағаланады, мұндай жағдайда 2 553,8 км немесе 54% (оның ішінде облыстық маңызы бар - 535,1 км және аудандық маңызы бар - 2 018,7 км), тиісінше нормативтік жағдайдағы автожолдардың үлесі 46% құрайды.

2022 жылы барлық жұмыс түрлерімен 283,6 км қамтылып, 32,5 млрд. теңге игерілді. Жұмыстар облыстың 12 ауданының 9 ауданында жүргізілді.

2023 жылы 327 жобаны іске асыруға 33,5 млрд.теңге бөлінді, бөлінген қаражат есебінен облыстың барлық 12 ауданында 421 км жолды жылдың соңына дейін жөндеу жұмыстарымен қамту жоспарлануда (облыстық және аудандық маңызы бар 335 км автожол, сондай-ақ 86 км көше-жол желісін). 2023 жылдың 1 қараша жағдайы бойынша жергілікті маңызы бар 311,2 км автомобиль жолдары мен көшелер салынды және орындалған жұмыстар үшін мердігерлерге 28,4 млрд.теңге төленді.

2023 жылдың қорытындысы бойынша орындалған жұмыстардың нәтижесінде жақсы және қанағаттанарлық жағдайда жергілікті маңызы бар автожолдардың үлесі 52% құрайды.

2025 жылы жалпы ұзындығы 2 761,9 км (тозуды ескере отырып) жергілікті жолдардың үлесін 58% нормативтік жай-күйге дейін жеткізу үшін реконструкциялауға және жөндеуге 73,8 млрд.теңге мөлшерінде қосымша

қаржыландыру қажет (2023-2025 жылдарға арналған жалпы сипаттағы трансферттер шеңберінде нақты 63 млрд. теңге көзделген).

Бүгінгі таңда облыстық маңызы бар жолдар бойынша 5,6 млрд.теңге сомасына 13 жоба іске асырылуда, оның ішінде қайта жанарту – 3, көпірді күрделі жөндеу – 1, орташа жөндеу – 9.

Оның ішінде 2023 жылдың соңына қарай аяқталу сатысында 8 жоба бар.

Сондай-ақ, «Ауыл ел бесігі» және «Моноқала» бағдарламасы бойынша 7 млрд.теңге сомасына 36 жоба іске асырылуда. Осы бағдарлама аясында 2023 жылы 86,1 шақырым жол жөнделін, 65,8 шақырым жол аяқталды.

2.2. Мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелері.

Мемлекеттік аудитпен жалпы сомасы 33 848 030,8 мың теңге бюджет қаражатымен 7 объект қамтылды, оның ішінде үстеме тексеріспен 5 объект қамтылды, нәтижесінде объекттер бойынша келесі анықталды.

Аудиторлық іс-шара бюджет қаражатын пайдаланудың тиімділік, нәтижелілік және мәнділік көрсеткіштеріне сәйкес жүргізілді.

Аудитпен 1 372 766,9 мың теңгенің бұзушылықтары анықталды. Оның ішінде қаржылық бұзушылықтар 351 368,9 мың теңге, тиімсіз жоспарланған бюджет қаражатының сомасы 258 315,2 мың теңге, тиімсіз пайдаланған бюджет қаражатының сомасы 763 082,8 мың теңге құрады.

Сонымен қатар, 35 бірлік рәсімдік бұзушылықтары анықталды. Қаржылық бұзушылықтар ішінде өтелуге жататыны 266 263,1 мың теңге, жұмыстармен (есепке алумен) қалпына келтіруге жататыны 85 105,8 мың теңге.

Аудит барысында 71 953,5 мың теңге өтелді. 85 105,8 мың теңге қалпына келтірілді. Әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар 10 факті бойынша материалдар әкімшілік іс жүргізуді қозғау үшін уәкілетті органдарға жолданды.

Анықталған бұзушылықтар мен ксмішіліктерге ықпал еткен негізгі себептер бюджет, құрылыс қызметі саласындағы, мемлекеттік сатып алу, автомобиль жолдарын басқару мен пайдалануды реттейтін заңнамаларының және басқа да нормативтік құқықтық актілер саласындағы заңнаманың тиісінше сақталмауынан. Атап айтқанда:

1. Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV Бюджет Кодексінің 97-бабының 6-тармағын, ҚР Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 19 наурыздағы №229 бұйрығымен бекітілген Тапсырыс берушінің (құрылыс салушының) қызметін ұйымдастыру және функцияларын жүзеге асыру қағидаларының 12-тармағы 2)-тармақшасын бұза отырып, Тапсырыс берушілер (мемлекеттік мекемелер) орындалған жұмыстарға жалпы құны 125 958,9 мың теңгеге ақы төлеу кезінде орындалған жұмыстардың растаудың дұрыстығын және орындалған жұмыстар көлемін, бағанын негізділігін қамтамасыз етпеді.

(Басқарма «Батыс Қазақстан облысы Теректі ауданының 43-58 км «Федоровка-Ақсай» облыстық маңызы бар автомобиль жолын орташа жөндеу» жоба бойынша «Айдана» ЖПІС орындалған жұмыстарға ақы төлеу кезінде құны 44 048,5 мың теңгені құрайтын жол жиектерін орнату бойынша

Батыс Қазақстан облысының жол іс-шараларына бөлінген бюджет қаражатын пайдалану тиімділігіне жүргізілген мемлекеттік аудит нәтижелері

орындалған жұмыстарды растаудың дұрыстығын қамтамасыз етпеді, Бәйтерек ауданының автомобиль жолдары бөлімі 2021 жылғы 2 қарашадағы № 128 мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша «БҚО, Бәйтерек ауданы, Махамбет ауылының кентішілік автомобиль жолдарын күрделі жөндеу» жұмыстарын орындаған «ДСК Приоритет» ЖШС жұмыстарға ақы төлеу кезінде құны 3 703,5 мың теңгені құрайтын орындалған жұмыстардың растаудың дұрыстығын және орындалған жұмыстар көлемін, бағаның негізділігін қамтамасыз етпеді, «БҚО, Бәйтерек ауданы, 0-10 км Раздольное-1 селосына автомобиль жолын орташа жөндеу» жұмыстарын орындаған «Айдана» ЖШС-не жұмыстарға ақы төлеу кезінде құны 9 790,1 мың теңгені құрайтын орындалған жұмыстардың растаудың дұрыстығын және орындалған жұмыстар көлемін, бағаның негізділігін қамтамасыз етпеді, 2022 жылғы 22 маусымдағы № 52 мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша «БҚО, Бәйтерек ауданы, Раздольное ауылы 10-21, 4 км автомобиль жолдарын орташа жөндеу» жұмыстарын орындаған «Айдана» ЖШС-не жұмыстарға ақы төлеу кезінде құны 4 856,5 мың теңгені құрайтын орындалған жұмыстардың растаудың дұрыстығын және орындалған жұмыстар көлемін, бағаның негізділігін қамтамасыз етпеді, Жаңақала ауданының автомобиль жолдары бөлімі бойынша 2022 жылғы 2 маусымдағы № 39 мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша «БҚО, Жаңақала ауданы, Көпжасар ауылына кірме жолды орташа жөндеу» бойынша жұмыстарын орындаған «Ануш-Құрылыс» ЖШС-не жұмыстарға ақы төлеу кезінде құны 15 756,2 мың теңгені құрайтын орындалған жұмыстардың растаудың дұрыстығын және орындалған жұмыстар көлемін, бағаның негізділігін қамтамасыз етпеді, 2022 жылғы 9 қарашадағы № 116 мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша «БҚО, Жаңақала ауданы, Қырқопи ауылына кірме жолды орташа жөндеу» бойынша жұмыстарын орындаған «Ануш-Құрылыс» ЖШС-не жұмыстарға ақы төлеу кезінде құны 497,3 мың теңгені құрайтын орындалған жұмыстардың растаудың дұрыстығын және орындалған жұмыстар көлемін, бағаның негізділігін қамтамасыз етпеді, «БҚО, Жаңақала ауданы, Жаңақала к. 1-Май, Құрманғазы, Астана, Қ.Медалиев, Х.Доспанов және №17 көшелерін күрделі жөндеу» бойынша жұмыстарын орындаған «Ануш-Құрылыс» ЖШС-не 2023 жылғы 27 қыркүйекте №5 орындалған жұмыстар актісі бойынша жұмыстарға ақы төлеу кезінде құны 47 306,8 мың теңгені құрайтын қолданбаған құрылыс материалдарына, орындалған жұмыстардың растаудың дұрыстығын және орындалған жұмыстар көлемін, бағаның негізділігін қамтамасыз етпеді).

2. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 04 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 43-бабының 23-тармағын, ҚР Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 03 ақпандағы №71 бұйрығымен бекітілген сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында инженерингтік қызметтер көрсету қағидаларының 10-тармағының 10) және

18)-тармақшаларын бұза отырып, жұмыстар бойынша Техникалық қадағалау қызметі тиісті түрде атқарылмаған (көрсетілмеген) себептерінен бақылау өлшемінің нәтижесінде жалпы сомасы 81 910,4 мың теңгеге жұмыс көлемінің толық орындалмағаны фактілері анықталды.

(Бәйтерек ауданының автомобиль жолдары бөлімі бойынша 2021 жылғы 11 қарашадағы № 142 мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша «БҚО, Бәйтерек ауданы, Махамбет ауылының кентішілік автомобиль жолдарын күрделі жөндеу» жұмыстарын орындауын «Әсем-Құрылыс-Қызылорда» ЖШС-нің техникалық қадағалау қызметі және міндеттемелері тиісті түрде орындалмағандықтан, бақылау өлшемінің нәтижесінде жалпы сомасы 3 703,5 мың теңгеге жұмыс көлемінің орындалмағаны анықталды, 2022 жылғы 15 шілдесіндегі № 62 мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша «БҚО, Бәйтерек ауданы, 0-10 км Раздольное-1 селосына автомобиль жолын орташа жөндеу» жұмыстарын орындауын «Алатау сапа құрылыс» ЖШС-нің техникалық қадағалау қызметі және міндеттемелері тиісті түрде орындалмағандықтан, бақылау өлшемінің нәтижесінде жалпы сомасы 9 790,1 мың теңгеге жұмыс көлемінің орындалмағаны анықталды, 2022 жылғы 15 шілдесіндегі № 61 мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша «БҚО, Бәйтерек ауданы, Раздольное ауылы 10-21, 4 км автомобиль жолдарын орташа жөндеу» жұмыстарын орындауын «Алатау сапа құрылыс» ЖШС-нің техникалық қадағалау қызметі және міндеттемелері тиісті түрде орындалмағандықтан, бақылау өлшемінің нәтижесінде жалпы сомасы 4 856,5 мың теңгеге жұмыс көлемінің орындалмағаны анықталды, Жаңақала ауданының автомобиль жолдары бөлімі бойынша 2022 жылғы 14 маусымдағы № 52 мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша «БҚО, Жаңақала ауданы, Көпжасар ауылына кірме жолды орташа жөндеу» жұмыстарын орындауын «Аретмида снаб» ЖШС-нің техникалық қадағалау қызметі және міндеттемелері тиісті түрде орындалмағандықтан, бақылау өлшемінің нәтижесінде жалпы сомасы 15 756,2 мың теңгеге жұмыс көлемінің орындалмағаны анықталды, 2022 жылғы 9 қарашадағы № 114 мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша «БҚО, Жаңақала ауданы, Қырқопа ауылына кірме жолды орташа жөндеу» жұмыстарын орындауын «Аретмида снаб» ЖШС-нің техникалық қадағалау қызметі және міндеттемелері тиісті түрде орындалмағандықтан, бақылау өлшемінің нәтижесінде жалпы сомасы 497,3 мың теңгеге жұмыс көлемінің орындалмағаны анықталды, 2023 жылғы 6 маусымдағы № 109 мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша «БҚО, Жаңақала ауданы, Жаңақала к. 1-Май, Құрманғазы, Астана, қ. Медалиев, х. Доспанов және №17 көшелерін күрделі жөндеу» жұмыстарын орындауын «ARTERIA» ЖШС-нің техникалық қадағалау қызметі және міндеттемелері Мердігердің 2023 жылғы 27 қыркүйекте №5 орындалған жұмыстар актісінде қолданбаған құрылыс материалдары, орындалған жұмыстардың растаудың дұрыстығын тиісті түрде орындалмағандықтан, бақылау өлшемінің

нәтижесінде жалпы сомасы 47 306,8 мың теңгеге жұмыс көлемінің орындалмағаны анықталды)

3. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 272-бабын, «Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР Заңының 43-бабының 23-тармағын бұза отырып, Мердігерлер (Өнім берушілер) жұмыс көлемінің жалпы сомасы 81 910,4 мың теңгеге орындалмау фактілері немесе тиісті түрде орындалмау фактілері анықталды.

(Бәйтерек ауданының автомобиль жолдары бөлімі бойынша 2021 жылғы 2 қарашадағы № 128 мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша «БҚО, Бәйтерек ауданы, Махамбет ауылының кентішілік автомобиль жолдарын күрделі жөндеу» жұмыстарын орындау міндеттемелерді тиісті түрде орындамаған бақылау өлшемінің нәтижесінде «ДСК Приоритет» ЖШС-мен жалпы сомасы 3 703,5 мың теңгеге жұмыс көлемінің орындалмағаны анықталды, «БҚО, Бәйтерек ауданы, 0-10 км Раздольное-1 селосына автомобиль жолын орташа жөндеу» бойынша жұмыстарын орындау міндеттемелерді тиісті түрде орындамаған бақылау өлшемінің нәтижесінде «Айдана» ЖШС-мен жалпы сомасы 9 790,1 мың теңгеге жұмыс көлемінің орындалмағаны анықталды, 2022 жылғы 22 маусымдағы № 52 мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша «БҚО, Бәйтерек ауданы, Раздольное ауылы 10-21, 4 км автомобиль жолдарын орташа жөндеу» бойынша жұмыстарын орындау міндеттемелерді тиісті түрде орындамаған себептерінен бақылау өлшемінің нәтижесінде «Айдана» ЖШС-мен жалпы сомасы 4 856,5 мың теңгеге жұмыс көлемінің орындалмағаны анықталды, Жаңақала ауданының автомобиль жолдары бөлімі бойынша 2022 жылғы 2 маусымдағы № 39 мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша «БҚО, Жаңақала ауданы, Көпжасар ауылына кірме жолды орташа жөндеу» бойынша жұмыстарын орындау міндеттемелерді тиісті түрде орындамаған себептерінен, бақылау өлшемінің нәтижесінде «Ануш-Құрылыс» ЖШС-мен жалпы сомасы 15 756,2 мың теңгеге жұмыс көлемінің орындалмағаны анықталды, 2022 жылғы 9 қарашадағы № 116 мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша «БҚО, Жаңақала ауданы, Қырқола ауылына кірме жолды орташа жөндеу» бойынша жұмыстарын орындау міндеттемелерді тиісті түрде орындамаған себептерінен бақылау өлшемінің нәтижесінде «Ануш-Құрылыс» ЖШС-мен жалпы сомасы 497,3 мың теңгеге жұмыс көлемінің орындалмағаны анықталды, «БҚО, Жаңақала ауданы, Жаңақала к. 1-Май, Құрманғазы, Астана, қ. Медалиев, х. Доспанов және №17 кпшелерін күрделі жөндеу» бойынша жұмыстарын орындау міндеттемелерді тиісті түрде орындамаған себептерінен бақылау өлшемінің нәтижесінде «Ануш-Құрылыс» ЖШС-мен жалпы сомасы 47 306,8 мың теңгеге жұмыс көлемінің орындалмағаны анықталды (қолданбаған құрылыс материалдары))

4. Жаңақала ауданының автомобиль жолдары бөлімі бойынша «БҚО, Жаңақала ауданы, 0-14 км Көпжасар ауылына кіреберісті орташа жөндеу» нысаны бойынша «Ануш-Құрылыс» ЖШС орындаған асфальтбетон

жабындары 2022 жылғы 02 маусымдағы №39 жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы шарттың техникалық құжаттамасының «Жол киімінің конструкциясы» бөлімінде көзделген ГОСТ 9128 – 2013, ҚР СТ 1225 – 2019 талаптарына, асфальтбетон жабынының сумен қанығу көрсеткішінің асып кетуі, оның тығыздау коэффициентінің сәйкес келмеуі және жабынның көлденең еңісінің ауытқуы бөлігінде сәйкес келмейді.

5. Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV Бюджет Кодексінің 96-бабының 1-тармағын бұза отырып, Теректі ауданының автомобиль жолдары бөлімі «Батыс Қазақстан облысы Теректі ауданының 0-5,4 км «Юбилейный ауылына кіреберіс» KL-TR-28 аудандық маңызы бар автомобиль жолын орташа жөндеу» нысаны «STROYCONSALTING» ЖШС техникалық құжаттамасын әзірлеушімен ұзындығы 263 метр асфальтбетон жабынын ресайклрлсу, жоспарлау жөніндегі жұмыстар, сондай-ақ екі жағынан ені 2 метр 4 150 метр қиыршық тас-қиыршық тас-күм қоспасымен жиктерді нығайту жөніндегі жұмыстар негізсіз енгізіліп, жоба мен шарт бағасы негізсіз 35 542,4 мың теңгеге өсірілген міндеттемелер қабылдаудың заңдылығын қамтамасыз етілмеген, бұл жоба мен шарт құнының негізсіз осуына әкелді.

6. Қазақстан Республикасы 2001 жылғы 17 шілдедегі №245 «Автомобиль жолдары туралы» Заңының 14-бабының 4-тармағын бұза отырып, Казталов және Жаңақала аудандарының автомобиль жолдары бөлімдері орташа жөндеу жұмыстары бойынша жобалардың сметалық есептерін әзірлеуші авторлық қадағалауды жүзеге асыруға арналған шығыстарды жалпы сомасы 16 649,1 мың теңге негізсіз енгізілген.

«STROYCONSALTING» ЖШС «Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданының 0-1,4 км, «Нұрсай ауылына кіреберіс» KL-KT-12 аудандық маңызы бар автомобиль жолын орташа жөндеу» сметалық есебіне 977,0 мың теңгеге, оның ішінде 2022 жылы 582,2 мың теңге авторлық қадағалауды жүзеге асыруға арналған шығыстарды негізсіз енгізілген, «Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы KI-KT-21 «Қоныс ауылына кіреберіс» км. 0-1 аудандық маңызы бар автомобиль жолын орташа жөндеу» сметалық есебіне 415,1 мың теңге авторлық қадағалауды жүзеге асыруға арналған шығыстарды негізсіз енгізілген, «Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданының 0-1,5 км, «Беспишен-Қошақөл-Қараоба» KI-KT-1 аудандық маңызы бар автомобиль жолын орташа жөндеу» сметалық есебіне 6 077,4 мың теңге авторлық қадағалауды жүзеге асыруға арналған шығыстарды негізсіз енгізілген, «Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданының 0-9,2 км, «Бостандық ауылына кіреберіс» KL-KT-22 аудандық маңызы бар автомобиль жолын орташа жөндеу» сметалық есебіне 6 312,8 мың теңгеге авторлық қадағалауды жүзеге асыруға арналған шығыстарды негізсіз енгізілген, «(1,5 км) БҚО, Жаңақала ауданы, Жаңақала, Брлик а. 1 мамыр, Қиссыққамыс, Миронов көшелерін орташа жөндеу» нысаны бойынша техникалық құжаттаманы әзірлеудің орнына жобалық-сметалық құжаттама әзірленген, нәтижесінде 3 261,6 мың теңге сомасында авторлық қадағалау қызметтері бойынша шығыстар негізсіз енгізілген.

Батыс Қазақстан облысының жол іс-шараларына бөлінген бюджет қаражатын пайдалану тиімділігіне жүргізілген мемлекеттік аудит нәтижелері

7. Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 96-бабының 6-тармақшасын және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы № 540 бұйрығымен бекітілген Бюджетті атқару және кассалық қызмет көрсету кагидаларының 215-тармағының 6)-тармақшасын бұза отырып, Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі атынан Басқарма «Uniserv» ЖШС, «BRAT.M» ЖШС, «Орал жолдары» АҚ мердігерлеріне жалпы 15 828,1 мың теңгені кұрайтын жұмыстардың ақысы төленіп, төленген ақының растығы мен негізділігі қамтамасыз етілмеген.

8. Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 96-бабының 1-тармағын және 97-бабының 6-тармағын, Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті төрағасының 2017 жылғы 14 қарашадағы № 249 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы құрылыстың сметалық құнын айқындау жөніндегі нормативтік құжаттың 1-тармағының 2) тармақшасын және 85-тармағын бұза отырып, Орал қаласының автомобиль жолдары бөлімімен міндеттемелерді қабылдаудың заңдылығы қамтамасыз етілмеген, сондай-ақ жалпы сомасы 47 835,569 мың теңгеге төлеуге шот ұсынудың заңдылығы мен негізділігі қамтамасыз етілмеген.

9. Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV Бюджет Кодексінің 4-бабының 9-тармақшасында көзделген Қазақстан Республикасы бюджет жүйесінің негізділігі қағидатын бұза отырып, Басқарма «Таскала-Аққұрай-Болашақ-гр.РФ» км 149-157 (8 км) орташа жөндеу жұмыстарына арналған жоба ауданы мен ұзындығы бойынша бастапқы деректердің дұрыс ұсынылмауына байланысты жобаның құны негізсіз асыра көрсетілген, бұл бюджет қаражатын тиімсіз жоспарлауға және республикалық бюджеттен жалпы сомасы 241 666,1 мың теңге қаражатты негізсіз бөлуге әкелді.

10. Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV Бюджет Кодексінің 67-бабының 12-тармағын бұза отырып, Басқарма бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі бола тұра бюджеттік өтінімдегі акпарат пен есеп-қисаптардың толықтығын және дұрыстығын қамтамасыз етпеді, соның нәтижесінде республикалық бюджеттен қосымша шығыстарға (қысқы қымбаттаулар, күтпеген шығыстар, уақытша ғимараттар мен құрылыстар) «(1,5 км) БҚО, Жаңақала ауданы, Жаңақала, Брлик а. 1 мамыр, Қиссыққамыс, Миронов көшелерін орташа жөндеу» нысаны бойынша жалпы сомасы 12 502,4 мың теңге негізсіз қаражат бөлінді.

11. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің Құрылыс және тұрғын үй коммуналдық шаруашылық істері комитеті төрағасының 2017 жылғы 14 қарашадағы № 249-нқ бұйрығымен бекітілген Құрылыстағы баға белгілеу бойынша нормативтік құжаттардың 1-қосымшаның 3-бағанының 20-тармағын бұза отырып, Басқарма облыстық маңызы бар автомобиль жолдарын «Таскала-Аққұрай-Болашақ-РФ шекарасы» 96-111 км, 111-126 км, 126-141 км» орташа жөндеу бойынша сметалық құжаттамасын

жасақталу кезеңінде «Игілік құрылыс жобасы» ЖШС-гі Тапсырыс берушінің техникалық қадағалау бойынша шығындары асыра көрсетілген. соның нәтижесінде техникалық қадағалау бойынша қызмет көрсетушілермен 8 362,7 мың теңгеге артық сомаға шарттар жасақталған.

12. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 04 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 12-бабының 4-тармағын бұза отырып, Тапсырыс берушілер мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінбеген.

Аталған бұзушылық үшін «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V Заңының 207-бабының 10-бөлігімен әкімшілік жауапкершілік көзделген.

(Басқарма 2021 жылғы 09 тамыздағы № 27 мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша «43-58 км «Федоровка-Ақсай» облыстық маңызы бар автомобиль жолын орташа жөндеу» жұмыстарын орындау міндеттемелерді тиісті түрде орындамаған «Айдана» ЖШС жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінбеген. Бәйтерек ауданының автомобиль жолдары бөлімі 2022 жылғы 23 ақпандағы № 4 мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша «БҚО, Бәйтерек ауданы, Жайық ауылындағы кентішілік автомобиль жолдарын күрделі жөндеу» жұмыстарын орындау міндеттемелерді тиісті түрде орындамаған «ДСК Приоритет» ЖШС жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінбеген, 2021 жылғы 2 қарашадағы № 128 мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша «БҚО, Бәйтерек ауданы, Махамбет ауылының кентішілік автомобиль жолдарын күрделі жөндеу» жұмыстарын орындау міндеттемелерді тиісті түрде орындамаған «ДСК Приоритет» ЖШС жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінбеген).

13. Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы №120-VI «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Кодексінің (Салық кодексі) 368, 369-баптарын бұза отырып, «Талғаз» ЖШС 2021 жылғы 09 қыркүйектегі №37 шарт бойынша 2022 жылғы ақпан, сәуір, мамыр, шілде, қыркүйек айларында «Ақсай-Шыңғырлау 0-86 км» облыстық маңызы бар Бөрлі, Шыңғырлау аудандарының автомобиль жолын күтіп ұстау бойынша көрсетілген жұмыстар бойынша жалпы сомасы 3 195,4 мың теңгеге ҚҚС сомасын есептемеген.

14. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 349-бабы 2-бөлігін бұза отырып, Казталов ауданының автомобиль жолдары бөлімі «Асфальт» ЖШС 2023 жылғы 4 сәуірдегі №30 мемлекеттік сатып алу туралы шартта көзделген «БҚО, Казталов ауданы, Қараоба ауылының ауылішілік жолдарды қайта жанғырту» жобасымен жұмыстарды орындамауына байланысты сақтандыру жағдайының басталуына байланысты Тапсырыс берушінің сақтандыру төлемін алу бойынша 98 429,2 мың теңге (шарт сомасының 30%

аванс сомасы 86 239,9 мың теңге, шарт сомасының 3% сомасы шарттын орындалуын қамтамасыз ету 12 189,3 мың теңге) мөлшерінде шаралар қабылданбаған.

15. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 195 бұйрығымен бекітілген бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) әзірлеу және бекіту (қайта бекіту) қағидаларының және олардың мазмұнына қойылатын талаптардың 8-тармағының 8) тармақшасын бұза отырып, Басқарма 2022-2023 жылдардың 002, 003, 028, 113, 114 бюджеттік бағдарламаларында облыстың даму жоспарының мақсатына қол жеткізуді сандық өлшейтін бюджеттік бағдарламаның түпкілікті нәтижелерін көрсетпеген, Орал қаласының автомобиль жолдары бөлімімен 022, 023, 045 бюджеттік бағдарламаның түпкілікті нәтижелері бюджеттік бағдарламаны іске асырудың сапалық қорытындысын оның сандық көрсеткішін және оған қол жеткізудің нақты күнін (кезеңін) айқындау жолымен көрсетпейді (белгілі бір уақыт кезеңі ішінде, жоспарлы кезеңнің соңында, жоспарлы кезеңнің жылдары бойынша бөліністе) және абсолютті, салыстырмалы немесе пайыздық шамаларда көрсетілмеген.

16. (Премьер-Министрінің орынбасары-Қаржы министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 904 бұйрығымен бекітілген редакцияда) Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 511 және 512-тармақтарын бұза отырып, Өнім берушілер қолданылу мерзімі бір қаржы жылынан асатын мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша ұлғаю сомасына шарттардың орындалуын қамтамасыз ету енгізілмеген немесе уақытылы енгізілмеген.

(Басқарма бойынша «Елжас» ЖШС және «ДСК Приоритет» ЖШС, Теректі ауданының автомобиль жолдары бөлімі бойынша «Ануш-Құрылыс» ЖШС 2022 жылғы 7 ақпандағы №2 шартқа, 2022 жылғы 7 қарашадағы №1 шартқа, 2022 жылғы 18 ақпандағы №18 шартқа қосымша шарт бойынша Казталов ауданының автомобиль жолдары бөлімі бойынша «Тоби» ЖШС 2022 жылғы 1 шілдесіндегі №71 шартқа қосымша шарт бойынша, «ШамШың» ЖШС 2021 жылғы 18 маусымындағы №60 шартқа қосымша шарт бойынша, «Евразия Жол Құрылыс» ЖШС 2021 жылғы 8 шілдесіндегі №40 шартқа қосымша шарт бойынша).

17. Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің 298-бабын, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 04. желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 43-бабының 24-тармағын бұза отырып, өнім берушілер мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша қабылдаған міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған жағдайлар бойынша, тапсырыс берушілер жалпы сомасы 3 825,1 мың теңге тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) өндіріп алуды қамтамасыз етілмеген.

(Бәйтерек ауданының автомобиль жолдары бөлімі 2022 жылғы 23 ақпандағы № 4 мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша «БҚО.

Бәйтерек ауданы, Жайық ауылындағы кентішілік автомобиль жолдарын күрделі жөндеу» жұмыстарын орындау міндеттемелерді тиісті түрде орындамаған «ДСК Приоритет» ЖШС-нен 1 607,6 мың теңге құрайтын тұрақсыздық айыбын өндіріп алуды қамтамасыз етілмеген, 2021 жылғы 2 қарашадағы № 128 мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша «БҚО, Бәйтерек ауданы, Махамбет ауылының кентішілік автомобиль жолдарын күрделі жөндеу» жұмыстарын орындау міндеттемелерді тиісті түрде орындамаған «ДСК Приоритет» ЖШС-нен 1 949,8 мың теңге құрайтын тұрақсыздық айыбын өндіріп алуды қамтамасыз етілмеген, 2022 жылғы 22 шілде № 54 мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша «БҚО, Бәйтерек ауданы, Өркен ауылының кентішілік автомобиль жолдарын күрделі жөндеу» жұмыстарын орындау міндеттемелерді тиісті түрде орындамаған «ДСК Приоритет» ЖШС-нен 130,0 мың теңге, **Шыңғырлау ауданының автомобиль жолдары бөлімі** 2022 жылғы 15 қарашадағы № 118 мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша «БҚО Шыңғырлау ауданының 12,6-17 км KL-SH-5 «Шыңғырлау-Ақшат-Сегізсай» аудандық маңызы бар автомобиль жолын орташа жөндеу» жұмыстарын орындау міндеттемелерді тиісті түрде орындамаған «Айдана» ЖШС-нен 26,7 мың теңге құрайтын тұрақсыздық айыбын өндіріп алуды қамтамасыз етілмеген).

18. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 04 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 21-бабының 2-тармағын бұза отырып, Тапсырыс беруші Шыңғырлау ауданының автомобиль жолдары бөлімі «БҚО Шыңғырлау ауданының 12,6-17 км KL-SH-5 «Шыңғырлау-Ақшат-Сегізсай» аудандық маңызы бар автомобиль жолын орташа жөндеу» жұмыстарын мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде конкурстық құжаттамада және 2022 жылғы 15 қарашадағы № 118 Мемлекеттік сатып алу туралы шартта 6 ай ішінде жұмыстың орындалу мерзімі бекітілген, аталған мерзім техникалық құжаттаманың және техникалық құжаттамаға ведомстволық сараптаманың деректерінде 2 ай мерзімі болып анықталған мерзімге сәйкес келмейді.

19. 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV ҚР Бюджет Кодексінің 4-бабының 6 және 12-тармағын бұза отырып, Шыңғырлау ауданының автомобиль жолдары бөлімімен Шыңғырлау-Лубенка-Лебедевка-2 Автомобиль жолының ұзындығы – 17,02 км жолдың 2023 жылы жасалуға тиісті 15,1 км күрделі жөндеуге жататын жұмыстар шартының бұзылуына байланысты орындалмады, бұл болашақта 763 082,8 мың теңге сомасына бюджеттік бағдарламаға қол жеткізілмеуіне және нәтижелілігінің болмауына әкелді.

20. Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2016 жылғы 15 сәуірдегі № 128 қаулысымен бекітілген Батыс Қазақстан облысы елді мекендерінің көшелерін күтіп-ұстау, ағымдағы, орташа және күрделі жөндеу кезінде орындалатын жұмыстар түрлерінің сыныптамасының 29-тармағын бұза отырып, Орал қаласының автомобиль жолдары бөлімімен орташа жөндеу жөніндегі жұмыстардың көлемі («Гагарин көшесінен Асан бұрылысына дейін») С. Датов

көшесіндегі автомобиль жолын орташа жөндеу», «(С. Датов көшесінен «терминал» көшесіне дейін) Гагарин көшесіндегі автомобиль жолын орташа жөндеу», «Ружейников көшесіндегі автомобиль жолын орташа жөндеу (Гагарин көшесінен Орал - Желазов А/Ж дейін)», «Айтиев көшесіндегі (Мендалиев көшесінен Нұрпейісова көшесіне дейін) және Мендалиев көшесіндегі (Айтиев көшесінен Маметов көшесіне дейін) автомобиль жолын орташа жөндеу», «Құрманғалиев көшесіндегі (Қарбышевтен Шалахов көшесіне дейін) автомобиль жолын орташа жөндеу», «Мұхит көшесіндегі (Абай даңғылынан Яхский көшесіне дейін) автомобиль жолын орташа жөндеу», «Абай даңғылындағы автомобиль жолын орташа жөндеу (Құрамғазы көшесінен 2-База өтпесіне дейін)», «Назарбаев даңғылындағы (Абай даңғылынан М. Маметова көшесіне дейін) автомобиль жолын орташа жөндеу») ведомстволық сараптамадан өтпей, сметалық есептеулермен айқындалған.

21. Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2016 жылғы 15 сәуірдегі № 128 қаулысымен бекітілген Батыс Қазақстан облысы елді мекендерінің көшелерін күтіп-ұстау, ағымдағы, орташа және күрделі жөндеу кезінде орындалатын жұмыстар түрлерінің сыныптамасының 26-тармағының 2) тармақшасын бұза отырып, Орал қаласының автомобиль жолдары бөлімімен ағымдағы жөндеу үшін белгіленген көлемнен (асфальтбетон жабынының құрылғысы 500 м² дейін) асып кетуге жол берілді, атап айтқанда, Сдыков көшесінен №27 маршруттың соңғы аялдамасына дейінгі «Родник» кіреберіс жолын ағымдағы жөндеу бойынша асфальтбетон жабынының құрылғысы 10 584 м² құрайды.

22. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 73-тармағын бұза отырып Орал қаласының автомобиль жолдары бөлімі № 9524783-1, №9524817-1, №9524714-1, № 9145622-3, № 9150650-3, № 9151265-2, № 9150965-2, № 9150788-2 орташа жөндеу жұмыстарды мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде демпингтік бағалар дұрыс анықталмаған.

2.3. Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін бағалау (өнірлік және (немесе) елдік бөліністе): (болған жоқ).

III. Қорытынды бөлік.

3.1. Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар:

Аудит барысында бюджет кірісіне ақшалай қаражат өтелді, жалпы сомасы 71 953,5 мың теңге, оның ішінде «Айдана» ЖШС 31.10.2023 ж. №1165 төлем тапсырмасымен сомасы 44 048,5 мың теңге, «ДСК» ЖШС 01.11.2023 ж. №2599, №2600, №2601 төлем тапсырмаларымен жалпы сомасы 3 687,5 мың теңге, «UNISERV» ЖШС 21.09.2023 ж. №3890 төлем тапсырмасымен 15 421,6 мың теңге сомасына, «Брат-М» ЖШС 13.10.2023 ж. №335 төлем

талсырмасымен 329,8 сомаға мың теңге, «Орал жолдары» АҚ 04.10.2023 ж. №1085 төлем талсырмасымен 76,6 мың теңге сомасына.

Шарттар сомасы жалпы 8 362,7 мың теңгеге азайтылды, оның ішінде 03.08.2021 жылғы №24 шартқа «Аде-Сапа» ЖШС техникалық қадағалау қызмет көрсету бойынша (02.11.2023 жылғы қосымша келісіммен), 25.02.2022 жылғы №8 шартқа «Нұрәлем-Құрылыс» ЖШС техникалық қадағалау қызмет көрсету бойынша (01.11.2023 жылғы қосымша келісіммен), 18.03.2022 жылғы №16 шартқа «Нұрәлем-Құрылыс» ЖШС техникалық қадағалау қызмет көрсету бойынша (01.11.2023 жылғы қосымша келісіммен) және орындалған ұсынылған актілерге сәйкес жалпы сомасы 85 105,8 мың теңгеге жұмыстар қалпына келтірілген.

Аудиторлық іс-шара нәтижесімен жасалмаған жұмыстарды қабылдаған техникалық қадағалаушылардың әкімшілік жауапкершілігін қарау үшін 6 - материал («ARTERIA» ЖШС-гі 1-материал, «Әсем-Құрылыс-Қызылорда» ЖШС-гі 1-материал, «Алатау сапа құрылыс» ЖШС-гі 2-материал, «Аретмида снаб» ЖШС-гі 2-материал) «Батыс Қазақстан облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасы» ММ-не және мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінбегені үшін әкімшілік жауапкершілігін қарауға 3- материал (Батыс Қазақстан облысы Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы А.Менеевке 1-материал, Бәйтерек ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары бөлімінің басшысы А.Даубаевқа 2-материал) «Батыс Қазақстан облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті» РММ-не жолдады.

3.2. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша тұжырымдар:

Автомобиль жолдарының құрылысына бөлінген бюджеттік қаражатты пайдалану тиімділігіне жүргізілген мемлекеттік аудиттің қорытындысын шығара отырып, Облыстық маңызы бар жолдар бойынша 5,58 млрд. теңге сомасына 13 жоба іске асырылуда, оның ішінде қайта құру – 3, көпірді күрделі жөндеу – 1, орташа жөндеу – 9.

Оның ішінде 2023 жылдың соңында аяқталу сатысында 8 жоба, 3 жобаның іске асыру кезеңі 2023-2025 жж, 2 жоба бойынша сот процестері өтуде. Аудандық маңызы бар жолдар бойынша 2 жоба іске асырылуда.

Жүргізілген аудиторлық іс-шараның нәтижесінде жалпы сомасы 1 372 766,9 мың теңге құрайтын бұзушылықтар анықталды, оның ішінде:

- 1) қаржылық бұзушылықтар – 351 368,9 мың теңге, оның ішінде:
 - өтеуге (түсуге) – 266 263,1 мың теңге;
 - қалпына келтіру – 85 105,8 мың теңге.
- 2) бюджет қаражатын тиімсіз жоспарлау сомасы – 258 315,2 мың теңге.
- 3) бюджет қаражатын тиімсіз пайдалану сомасы – 763 082,8 мың теңге.

Батыс Қазақстан облысының жол іс-шараларына бөлінген бюджет қаражатын пайдалану тиімділігіне жүргізілген мемлекеттік аудит нәтижелері

4) 35 бірлік мөлшеріндегі рәсімдік бұзушылықтар.

Жүргізілген аудиторлық іс-шараның нәтижесінде төмендегідей заңбұзушылықтар анықталды:

Батыс Қазақстан облысы Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы облыстық маңызы бар автомобиль жолдарын «Тасқала-Аққұрай-Болашақ-РФ шекарасы» 96-111 км, 111-126 км, 126-141 км» орташа жөндеу бойынша сметалық құжаттамасы жасақталу кезеңінде «Игілік құрылыс жобасы» ЖШС-гі Тапсырыс берушінің техникалық қадағалау бойынша шығындары асыра көрсетілген, соның нәтижесінде техникалық қадағалау бойынша қызмет көрсетушілермен 8 362,7 мың теңгеге артық сомаға шарттар жасақталуына жол берген;

«Uniserv» ЖШС, «BRAT.M» ЖШС, «Орал жолдары» АҚ мердігерлеріне жалпы 15 828,1 мың теңгені құрайтын жұмыстардың ақысы төленіп, төленген ақының растығы мен негізділігі қамтамасыз етілмеген;

«Тасқала-Аққұрай-Болашақ-гр.РФ» км 149-157 (8 км), орташа жөндеу жұмыстарына арналған жобалардың ауданы мен ұзындығы бойынша бастапқы деректердің дұрыс ұсынылмауына байланысты құны негізсіз көтерілді, бұл бюджет қаражатын тиімсіз жоспарлауға және республикалық бюджеттен жалпы сомасы 241 666,1 мың теңге қаражатты негізсіз бөлуге әкелген.

Батыс Қазақстан облысы Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы, Бәйтерек және Жанақала аудандарының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары бөлімдері орындалған жұмыстарға жалпы құны 125 958,9 мың теңгеге ақы төлеу кезінде орындалған жұмыстардың растаудың дұрыстығын және орындалған жұмыстар көлемін, бағаның негізділігін қамтамасыз етпеген.

Бұдан басқа, бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну, сонымен қатар, бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) әзірлеу және бекіту (қайта бекіту) барысында да кемшіліктерге жол берген.

Батыс Қазақстан облысы Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы, Орал қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары бөлімі, Бәйтерек, Жанақала, Казталов және Шыңғырлау аудандарының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары бөлімдері Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаларының бұзылуына (демпингтік бағалар дұрыс анықталмаған, конкурстық құжаттамада техникалық құжаттаманың ведомстволық қорытындыда айқындалған құрылыстың нормативтік мерзіміне сәйкес келмейтін мерзімдерді орнату, тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) өндіріп алуды қамтамасыз етілмеген. Өнім берушілер қолданылу мерзімі бір каржы жылынан асатын мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша ұлғаю сомасына шарттардың орындалуын қамтамасыз етуі қадағаланбаған, мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім

Батыс Қазақстан облысының жеміс-шараларының білімнен бюджет қаражатын пайдалану тиімділігіне жүргізілген мемлекеттік аудит нәтижелері

берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінбеген) жол берген.

Казталов ауданының автомобиль жолдары бөлімі «Асфальт» ЖШС 2023 жылғы 4 сәуірдегі №30 мемлекеттік сатып алу туралы шартта көзделген жұмыстарды орындамауына байланысты сақтандыру жағдайының басталуына байланысты Тапсырыс берушінің сақтандыру төлемін алу бойынша 98 429,2 мың теңге (шарт сомасының 30% аванс сомасы 86 239,9 мың теңге, шарт сомасының 3% сомасы шарттың орындалуын қамтамасыз ету 12 189,3 мың теңге) мөлшерінде шаралар қабылданбаған.

Казталов және Жаңақала аудандарының автомобиль жолдары бөлімдері орташа жөндеу жұмыстары бойынша сметалық есептерге техникалық құжаттаманы әзірлеуші авторлық қадағалауды жүзеге асыруға арналған шығыстарды жалпы сомасы 21 516,8 мың теңге негізсіз енгізілуіне жол берген.

Жаңақала ауданының автомобиль жолдары бөлімі бойынша «БҚО, Жаңақала ауданы, 0-14 км Көпжасар ауылына кіреберісті орташа жөндеу» нысандары бойынша «Ануш-Құрылыс» ЖШС орындаған асфальтбетон жабындары 2022 жылғы 02 маусымдағы №39 жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы шарттың техникалық құжаттамасының «Жол киімінің конструкциясы» бөлімінде көзделген ГОСТ 9128 – 2013, ҚР СТ 1225 – 2019 талаптарына, асфальтбетон жабынының сумен қанығу көрсеткішінің асып кетуі, оның тығыздау коэффициентінің сәйкес келмеуі және жабынның көлденең сңісінің ауытқуы бөлігінде сәйкес келмейтіндігі анықталды.

Орал қаласының автомобиль жолдары бөлімімен міндеттемелерді қабылдаудың заңдылығы қамтамасыз етілмеген, сондай-ақ жалпы сомасы 47 835,569 мың теңгеге төлеуге шот ұсынудың заңдылығы мен негізділігі қамтамасыз етілмеген;

ағымдағы жөндеу үшін белгіленген көлемнен (асфальтбетон жабынының құрылғысы 500 м2 дейін) асып кетуге жол берілді;

орташа жөндеу жөніндегі жұмыстардың көлемі ведомстволық сараптамадан өтпей, сметалық есептеулермен айқындауға жол берілген.

Аудиторлық іс-шараның нәтижесінде анықталған бұзушылықтарға алып келген себептер, ол басшының ұйымдастырушылық қабілетінің жоқтығы немесе тиісті деңгейінде болмауы, мамандардың біліктілігі төмендігі немесе олардың ұқыпсыздығы.

Аталған себептер жиынтықта немесе әр-бір себеп жеке, аталған бұзушылықтарға алып келуіне себеп.

Мемлекеттік аудит барысында облыстық маңызы бар автомобиль жолдарын, яғни «Батыс Қазақстан облысы Тасқала-Аққурай-Болашақ-Рф шкарасы» және «Батыс Қазақстан облысы «Федоровка-Ақсай» орташа жөндеу бойынша жұмыстарды тексеру және бақылау өлшемдері нәтижелері бойынша төмендегілер анықталды:

Жобада қалыңдығы 6 см асфальтбетон жабындары салынған, олар ауыр жүк көліктерінің әсеріне, сондай-ақ қайталанатын жүктемелер санының

артуына әкелетін қозғалыс қарқындылығының өсуіне шыдамсыз, ал көлік жүктемелері табиғи-климаттық жағдайлармен бірге асфальтбетон жабынының нақты қызмет ету мерзімінің бұзылуына және қысқаруына әкеледі.

ҚР Бюджет кодексінің 4-бабы 12-тармақшасына сәйкес, бюджетті әзірлеу және атқару бюджет қаражатының бекітілген көлемін пайдалана отырып, ең үздік тікелей және түпкілікті нәтижеге қол жеткізу немесе бюджет қаражатының аз көлемін пайдаланып, тікелей және түпкілікті нәтижеге қол жеткізу қажеттілігіне негізделуге тиіс.

Қалыңдығы 6 см асфальтбетон жабыны бар орташа жөндеуге қаражат бөлу жөндеу жұмыстарының жобаларын немесе эскиздерін әзірлеу сәтінен бастап тиімсіз болып табылады, өйткені орындалған жұмыстар (асфальтбетон жабындары) көлік жүктемелеріне шыдамсыз болып келеді, нәтижесінде асфальтбетон жабындарының мерзімінен бұрын бұзылуы орын алады, осыған байланысты мұндай жұмыстар аяқталмай жатып ағымдағы жөндеуді, ал аяқталғаннан кейін келесі жылы күрделі жөндеу қажеттілігі туындайды, яғни нәтиже жоқ, ал бюджет қаражатын пайдалану тиімділігінің принципі оны тек элементтер жиынтығында - үнемділік пен тиімділікте жүзеге асыруға болады.

Баяндалғанды ескере отырып, жол іс-шараларына бөлінген бюджет қаражатын тиімді пайдалану мақсатында асфальтбетон жабыны жоқ облыстық маңызы бар автомобиль жолдарында қажетті геологиялық және геодезиялық іздестірулер жүргізе отырып, күрделі жөндеу және реконструкциялау жөніндегі жұмыстарды ғана орындау қажет.

Батыс Қазақстан облысының автомобиль жолдарының жағдайын жақсарту үшін 2022 жылға арналған қаржыландыру жоспарында жалпы сомасы 34 млрд. теңге, 2023 жылға жалпы сомасы 35 млрд. теңге бюджет қаражаты көзделген, тексерілетін кезеңде мердігерлік ұйымдармен жалпы ұзындығы - 714,4 км 56 объект бойынша шарттар жасалған, оның ішінде 3 жоба бойынша шарттар (ҚМЖ) бұзылған, оның ішінде 2 жоба бойынша жалпы ұзындығы - 30 км жұмыс мердігерлерінің бастамасы бойынша біржақты тәртіппен және жолдардың ұзындығы 15 км болатын 1 жоба бойынша тапсырыс берушінің бастамасы бойынша шарттар бұзылған.

Жоспарлау кезеңінде автомобиль жолдарын жөндеу бойынша жұмыстарды орындау/жұмыстарды аяқтау мерзімдерін және жаңадан салынған/қайта жаңартылған жолдардың жыл сайынғы өсу деңгейін сақтау бойынша 2 арнайы көрсеткішті анықтадық:

- «Жұмыстарды орындау/объектілерді аяқтау мерзімдерін сақтау» бойынша арнайы көрсеткіш, аудит нәтижелері бойынша жобаларды жобалау-сметалық және техникалық құжаттамаға сараптама қорытындыларына сәйкес іске асыру жұмыстардың ұзақтығы орта есеппен 6 айға көзделгені анықталды. бұл ретте шарттар мен қаржыландыру жоспарларының талаптары бойынша жобаларды іске асыру жұмыстардың 2 жылдық кезеңіне көзделген, сондай-ақ, 2022 жылы құрылыс материалдарының (битум-республикалық деңгейде, қиыршық тас - облыстық деңгейде) тапшылығы әсер етіп, жұмыстар

тоқтатылды, нәтижесінде жоспарланған көрсеткіштің маңыздылық деңгейі бойынша баға беру мүмкін болмай отыр;

- «Жаңадан салынған/қайта жаңартылған жолдардың Батыс Қазақстан облысы жолдарының бекітілген нормативтік талаптарға сәйкестігіне әсері мен қамтуы» бойынша арнайы көрсеткіш 2021-2022 жылдардың қорытындылары бойынша жыл сайынғы есептерге сәйкес белгіленді:

Жолдардың жалпы ұзындығы - 4762,1 км, оның ішінде 2021 жылдың қорытындысы бойынша облыс бойынша жолдардың жай-күйі:

- жақсы - 1010,5 км немесе 21,2%,
- қанағаттанарлық - 864,6 км немесе 18,2%,
- қанағаттанарлықсыз - 2887,0 км немесе 60,6%.

2022 жылдың қорытындысы бойынша:

- жақсы - 1275,4 км немесе 26,8%,
- қанағаттанарлық - 935,2 км немесе 19,6%,
- қанағаттанарлықсыз - 2553 км немесе 53,6%.

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, 2022 жылы өткен жылмен салыстырғанда жолдардың жай-күйін жақсартудың оң тенденциясына не болды, осыған орай 2022 жылы жолдардың жақсы жай-күйінің көрсеткіші 2021 жылмен салыстырғанда 5,6%-ға өсті, аудит бағдарламасының белгіленген көрсеткіштерімен арақатынасын сипаттай отырып, алынған нәтиже бойынша жолдардың жай-күйін бағалау көрсеткіші тиімді болып табылады.

3.3. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша ұсынымдар мен тапсырмалар:

Қазақстан Республикасы көлік министрлігіне:

1. «Автомобиль жолдары туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі N 245 Заңының 1 бабының 8-тармағында «автомобиль жолын орташа жөндеу – автомобиль жолының бастапқы пайдалану сапаларын және жол құрылыстарын қалпына келтіруге байланысты жұмыстар кешені» деп көрсетілген, ал Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2014 жылғы 24 қаңтардағы № 56 бұйрығымен бекітілген «Жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарын күтіп-ұстау, ағымдағы, орташа және күрделі жөндеу және жол активтерін басқару кезінде орындалатын жұмыс түрлерінің сыныптамасының» 30-тармағының 2)-тармақшасында автомобиль жолдарын орташа жөндеуде жолдың - техникалық санатын өзгертпей, ұзақтығы 15 километрден аспайтын ұсақтасты және қиыршықтасты жабынды асфальт-бетонды жабынға ауыстыру көрсетілген. Осыған орай Заң нормасы мен сыныптама тармағын сәйкестендіру мақсатында Қазақстан Республикасының көлік министрлігіне ұсыным жолдансын.

Батыс Қазақстан облысы әкімдігіне:

Батыс Қазақстан облысының жол іс-шараларына бөлінген бюджет қаржының пайдалану тиімділігіне жүргізілген мемлекеттік аудит нәтижелері

1. Жол іс-шараларына бөлінген бюджет қаражатын тиімді пайдалану мақсатында асфальтобетон жабыны жоқ облыстық маңызы бар автомобиль жолдарына қажетті геологиялық және геодезиялық ізденістер жасалып күрделі жөндеу немесе қайта құру жұмыстары жүргізілуі қажет;

2. Жолды орташа жөндеу жұмыстарын тиімді қалағалау мақсатта аталған жұмыстарға сараптамалық қорытынды жасакталуын міндеттеу қажет.

Батыс Қазақстан облысы Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасына, Орал қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары бөліміне, Бәйтерек, Теректі, Жанақала, Казталов және Шыңғырлау аудандарының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары бөлімдеріне:


1. Мемлекеттік аудитпен анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу және Тексеру комиссиясымен келісу.

2. Бюджет қаражатын жоспарлау және бюджет қаражатын болу, жобалау сатысында олардың қажеттілігін алдын ала есептеу, тиімсіз жоспарлауды (пайдалануды) болдырмау және бюджеттік өтінімді жасауды, бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) әзірлеуді және бекітуді (қайта бекітуді), бюджеттік мониторинг жүргізуді қолданыстағы заңнама талаптарына сай болуын қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдау.

3. Мемлекеттік саты алу заңнамаларының талаптарын сақтауын қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдау тапсырылады.

3.4. Қосымша: (64 парак).

Тексеру комиссиясының мүшесі

 К.Ф. Жапақов

Аудит тобының жетекшісі

Аудит жүргізуге жауапты

құрылымдық бөлімшенің басшысы

 Э.А. Аманжаев

Сапаны бақылау және құқықтық

қамтамасыз ету бөлімі

басшысының м.а.

 А.К. Сибатова

Аудиторлық іс-шараны өткізген

мемлекеттік аудиторлар

 К.С. Колякова

 Б.Т. Раджапов